

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-53-58

ӘОЖ 811

ҒТАМА 16.01.11

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА БАҒДАР

Абдуова Б.С.¹, Төлешева Г.Қ.²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданыс аясы туралы бұхаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда аз айтылып жүрген жоқ. Өткен жылдармен салыстырғанда соңғы бес-алты жылда айтарлықтай жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік деуімізге болады. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдениет саласындағы қызметі өсіп, қолдану ауқымы мейілінше кеңейе түсті. Әсіресе жоғары оқу орнының өзге тілді топтарында қазақ тілін жүйелі оқыту талаптары жоғарылады. Осыған орай орыс бөлімдерінде оқитын студенттерге қазақ тілін меңгерту білім беру үдерісінде заманауи оқыту негіздерін басшылыққа алып отыр. Қазақ тілінің айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым құзыреттілігін сапалы, жүйелі, мәдениетті меңгеру – қазақстандық азаматтардың мәртебелі борышы екендігі белгілі. Халықаралық үдерістермен қатар жүруді, бірге дамуды көздеген білім жүйесі де барлық салаларды жаңаша ұйымдастыруды, оны басқа қырынан зерделеуді талап етуде. Ұлттық тарихи-мәдени дәстүрлерді, әлемдік өркениеттегі жаңашылдықты, тұлғалық қасиеттерін жетілдіруді көздейтін, танымы мен талғамы биік тіл жанашырларын дайындау қазір аса өзекті болып отыр. Тілді сауатты меңгеру арқылы ғана қазақ халқының болашағын жарқын етуге болады.

Түйінді сөздер: мемлекеттік тіл, ана тілі, сауатты меңгеру, ұлтжандылыққа баулу, әдеби норма, оқытуды жаңаша ұйымдастыру.

СТАТУС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – ОРИЕНТИР НА БУДУЩЕЕ НАЦИИ

Абдуова Б.С.¹, Тулешева Г.Қ.²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

О сфере использования казахского языка в настоящее время говорится немало как в социальных сетях, так и в общественных местах. Мы можем сказать, что по сравнению с предыдущими годами мы достигли значительных результатов за последние пять-шесть лет. После получения Независимости роль казахского языка в области социально-экономической, научной, технической и общей культуры увеличилась, а объем использования расширился. Повысились требования к изучению казахского языка, особенно в других языковых группах университета. В связи с этим знание казахского языка студентами русских групп руководствуется основами современного обучения в образовательном процессе. Прослушивание казахского языка, проговаривание, чтение, написание, овладение качественным знанием и культурой казахского языка – это престижный долг казахстанцев. Наряду с международными процессами, система образования, направленная на развитие, также требует новой организации всех отраслей, чтобы изучить ее с другого ракурса. Обучение истинных ценителей языка, национальных историко-культурных традиций, понимающих роль казахского языка в мировом сообществе, сегодня очень важно. Только с помощью грамотного изучения языка, будущее казахского народа может быть ярким.

Ключевые слова: государственный язык, родной язык, компетентное приобретение, национальность, литературная норма, новая организация обучения.

**THE STATUS OF THE KAZAKH LANGUAGE IS A LANDMARK
FOR THE FUTURE OF THE NATION****Abduova B.S.¹, Tulesheva G.K.²**¹*L.N. Gumilyov Eurasian National Universit, Nur-Sultan, Kazakhstan*²*M. Kozybayev North Kazakhstan university, Petropavlovsk, Kazakhstan***Annotation**

About the sphere of use of the Kazakh language of the present time both in social networks and in public places. We can say that compared to previous years, we have achieved significant results over the past five or six years. After Independence, the role of the Kazakh language in the field of socio-economic, scientific, technical and general culture has increased, and the volume of use has expanded. The requirements for the study of the Kazakh language have increased, especially in other language groups of the university. In this regard, the knowledge of the Kazakh language by students of Russian groups is guided by the basics of modern education in the educational process. Listening to the Kazakh language, speaking, reading, writing, mastering high-quality knowledge and culture of the Kazakh language is a prestigious duty of Kazakhstanis. Along with international processes, the development-oriented education system also requires a new organization of all branches in order to study it from a different angle. Teaching true connoisseurs of the language, national historical and cultural traditions, who understand the role of the Kazakh language in the world community, is very important today. Only with the help of competent language learning, the future of the Kazakh people can be bright.

Keywords: state language, native language, competent acquisition, nationality, literary norm, new organization of education.

Kіріспе

Қазақ халқының өткен тарихынан келер ұрпаққа қалдырары, жадында ұстар асыл құндылықтарының бірі, ең бағалысы – тілі десек, сол тіліміз – алдыңғы буын аталарымыздың барлық іс-әрекетінің, болмысының куәсі. Тіл мен адам болмысы бірлікте қаралады, ол тілдік құбылыстарды тіл иесінің дүниетанымымен, мәдениетімен, ойлау жүйесімен сабақтастыра зерделейді. Рухани, мәдени болмысымыз тілден көрініс таба отырып, өмірлік бағдарымызды айқындайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан асыл сөздеріміз, дәстүріміз, бүкіл болмысымыз ұлт ретінде ұйысуымызға себеп болды. XIX ғасырдың бірінші жарты жылдығынан бастап, қазақ даласына Ресей империясының халыққа білім беру тәжірибесі таратыла бастады. Мақсаты халықтың сауатын орыс тілі арқылы ашумен қатар, ақыл-ойын орыстандыру еді. Десек те, қазақ халқын орыстандыру саясатының ұлттың болмысын, дінін, дәстүрін сақтау тұрғысынан келгенде кері әсері де, ал зиялы қауымның қалыптасуы тұрғысынан келгенде пайдалы тұстары да болды. «Қазақтарды орыстандыруға бағытталған империялық саясаттың орасан зор қысымына қарамастан, өлкедегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды. Жүргізіп жатқан ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты» [1,193] деген пікір ойымызды айқындаса керек.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қоғамда көп талқыланып келе жатқан мәселелердің бірі – ана тіліміздің жайы. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанда көптеген адамдардың енді тіл төңірегіндегі мәселе шешілгендей сезінгені рас. Ертең-ақ бәрі қазақ тілінде сөйлеп кететіндей алабұртқандарды да көп еді. Бірақ бәрі олай болмай шықты. «Батпандап кірген мысқалдап шығады» демеуші ме еді?! Кеңестер Одағында тек қана бір тілге – орыс тіліне басымдық берілгендіктен, оның қоғамдағы орны мызғымастай болатын. Қоғамның барлық саласында бұл тілдің мерейі үстем тұрды. Орыс тілінде білім алған тұтас бір ұрпақ өсіп-жетілді. Ал

адамның тілі оның ойлау жүйесі мен менталитетін де өзгертіп жіберетіндігі белгілі. Мысалы, қазақша оқыған орыстарды «мынауың нағыз қазақ қой» деп қалуға болады, ал орысша білім алып, орысша ойлайтын қазақтар да орыстардан кем емес. Ондайлар өз тіліне, өз дәстүріне жатырқай қарайды, орыстың мүддесін, тілін оның өзінен артық қорғайды.

Кеңес одағы құрамында болған жетпіс жыл халқымыздың ұлттық діліне, тіліне, мінезі мен болмысына жат элементтер енгізді. Қызметте жүрген аға буын орыс тіліне ден қойды, ұрпағын өз жұртынан аластатты. Оның зардабы қазірге дейін сезіліп отырғандығы жасырын емес. Егер де жергілікті халықтың үлесінің көптігіне байланысты еліміздің оңтүстік, батыс, орталық аймақтарында туған тіліміздің жай-күйі жаман емес болса, солтүстік, шығыс аймақтарында күннен күнге жағдай жақсарып келеді деуге болады. Көптеп бой көтеріп жатқан қазақ мектептері заманауи келбетімен көңіл қуантады әрі мемлекеттік тіл – ана тіліміздің болашағына деген сенімді бекіте түседі. Дегенмен аралас мектептердегі қазақ тілінің жағдайы көңіл көншітпейді. Себебі білім алып жатқан шәкірттер өз ара тек орыс тілінде сөйлесетіні жасырын емес.

Бұрын жоғары оқу орындарында білім тек қана негізінен орыс тілінде беріліп келсе, қазір мемлекеттік тіл басым. Оқу орындарында орыс тілді аудиторияларға сабақ беретін мұғалімдерге қойылар талап күшті. Жыл өткен сайын мемлекеттік тілді меңгерген басқа ұлт өкілдерінің саны да өсіп келеді. Оған әр түрлі жарыстарда, конкурстарда, мемлекеттік тіл байқауларында жақсы нәтиже көрсетіп, бәйге алып жүрген жастар куә.

Соңғы жылдарда оқу, білім салаларында айтарлықтай жақсылықтар болды. Қазақ тілін оқыту бойынша мемлекеттік стандарттар, жақсы ғылыми, зерттеу, әдістемелік еңбектер, молынан жарық көрді [2]. Іргелі оқу орындарында да мемлекеттік тілді меңгертуге бағытталған курстар жанданды. Солардың негізгісі ретінде орыс тілді топтарда қазақ тілін жүйелі оқыту үдерісі деуге болады. Әрине, мектеп қабырғасында орысша оқығанымен, қазақ тілін әжептеуір меңгеріп келетін жеткіншектер аз емес. Бірақ біз күткен деңгейде, яғни жетік меңгерген дей алмаймыз. Қарапайым сөйлесу құзыреттілігін білмейтіндері де көп. Ал жоғары оқу орнына түскеннен кейін базалық сатыдан ары қарайғы жетік деңгейге өту бойынша курсқа бөлінген сағаттың аздығынан мүмкіндік ала алмайды. Осы орайда оқытушының кәсіби біліктілігі танылар кез туады. Дұрыс, мұқият, сауатты дайындалған оқу бағдарламасы білім алушыларға тіл меңгеруде оң ықпал ететіні белгілі.

Зерттеу әдістемесі. Өзге тілді топтарға қазақ тілін оқыту бойынша қазақстандық көптеген ғалымдар әдістемелік, дидактикалық, теориялық, ғылыми еңбектер жазумен қатар, оқып-үйрету курстарын да дайындады. Одан өзге түрлі сайттарда, әлеуметтік желілерде, арналар мен платформаларда қазақ тілін қарапайымнан бастап жетік деңгейге дейінгі дамыта оқыту саласы жүйеге қойылған [3]. Осы еңбекте біз салыстыру, талдау, сипаттау, қорытындылау әдістерін басшылыққа ала отырып, өзіндік ұсынысымызды, бағдарымызды көрсетуді жөн санаймыз.

Зерттеу нәтижелері. Рас, тәуелсіз ел болғаннан кейін ана тіліміздің қоғамдағы орны әзір біз күткен межеден алыстау. Оның бірнеше себептері бар. Негізгі себеп – ел билігінің әлі де болса ана тіліне толық көшпей отырғандығы. Әлі күнге дейін балаларын орыс мектептеріне беретін қазақтар да аз емес. Оған себеп – жаңағы биліктің орыс тілінде сөйлеуі.

Екіншіден, Қазақстан аудиториясының Ресейдің идеологиялық-ақпараттық ықпалында қалып отырғандығы. Еліміз бұл бағытта әзірше ешқандай шара қолданып отырған жоқ. Ресейдің БАҚ-тары Қазақстанда еркін сатылады, теледидарлары еркін

көрсетіледі. Мысалы, Алма ТВ кабельдік жүйесін алайық. Жаңағы желідегі 110-120 каналдың 70-80 пайызы орыс тілінде. Амалсыз орыс тіліне жүгінуге тура келеді. Бұның бірден көзге көрінбейтін тәрбиелік-тәлімдік, насихаттық мәні де күшті. Қазақ мектебінде оқитын балалардың өзара орыс тілінде сөйлесулеріне осы теледидардың тигізіп отырған ықпалы өте күшті.

Қазіргі кезде жоғары оқу орнына түсу үшін тапсырылатын бірыңғай ұлттық тестілеуге қазақ тілі енгізілгенмен, оның міндетті пән емес екендігі қынжылтады. Бұл да мемлекеттік тілге жүрдім-бардым қарауға септігін тигізуде. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі оқытылғанмен, орыс түгілі, ұлты қазақ бауырларымыздың арасынан баға алу үшін «амалсыз оқып жүретіндерін» байқап, қынжыласың. Осындай кезде ұстазға шәкірттің ол ойының дұрыс емес екендігіне көзін жеткізуіне тура келеді.

Баға қою мәселесіне де оқытушылар аса жауапкершілікпен қарағаны абзал. Бірілген мәтінді айтып беріп, бірді-екілі сұраққа жауап айтатын студенттерді «жоғары балл алуға лайықты» деп санамау керек. Мәтінді айтып беру (кейбір студенттер сол мәтіннің қысқартылған нұсқасын жаттап та алады) білімге баға қою көрсеткіші бола алмайды. Студенттің өз тарапынан пікір айту, қарсы көзқарас білдіру, дұрыс ойды дәлелдеу, мысалдар келтіру, өмірдің басқа құбылыстарымен салыстыру секілді дағдыларды игергені жөн.

Кез келген жоғары оқу орында білім алушыларға мемлекеттік стандартқа сай типтік бағдарлама ұсынылады. Оқытушылар соған сай оқу-әдістемелік кешен дайындайды. Біз сол бағдарламаға сәйкес практикалық және өздік жұмыс тапсырмаларын құрастырып, белгіленген курс ауқымына орай бір жүйеге келтіреміз. Бағдарламадағы модульдерге орай айтылым, оқылым, тыңдалым тапсырмаларына қосымша эссе жазуға да дағдыландырамыз. Эссе студенттердің шығармашылығын дамытып қана қоймай, «тілдің сан алуан өрнегін көркем меңгеруге септігін тигізеді» [4]. Бірақ алдымен қалай жазу керек, нені көрсетуге тырысу қажет екендігіне тоқталамыз. Мысалы, біздің бағдарламамызда «Туған өлке» деген модуль бар. Бұл тақырып бойынша әр студент өз атамекені, туып-өскен жері туралы жазу керек. Эссе көлемі 15-20 сөйлемнен кем болмау керек. Көп студенттер шамамен былай жазады:

«Менің атым – Юлия. Мен 18 жастамын. Мен Тараздан келдім. Тараз өте әдемі жер. Таразда көп әдемі үйлер бар. Стадион және дүкендер көп. Парк бар. Біз жазда достарыммен сол паркте қыдырамыз, киноға барамыз. Кейде көлге шомыламыз. Бізге көп туристер келеді. Олар Айша Бибі кесенесіне барады. Айша Бибі кесенесі өте әдемі. Оған көп ғасыр болған. Мен өз туған жерімді жақсы көремін».

Міне, шамамен осылай. Біз әдетте мұндай эсселерді толықтырып жазуға кеңес береміз. «Юлия, мен сенің туған өлкеңді көргім келеді. Алайда, мына эссе бойынша көп нәрселер айтылмай тұр. Сен маған толықтырып жазып әкелші, мен оқып шығып, «ендігі демалысымда міндетті түрде Таразды көруім керек екен» деп ойлайтын болайын. Ол үшін сен алдымен не жазғың келеді, соны орысша өзіңе жазып ал. Содан кейін мүмкіндігіңше қазақ тіліне аудар. Егер дұрыс аударма алмадым, айтайын деген ойларымды жеткізе алмадым десең, оны сабаққа келгенде бірігіп аударамыз, қалай құрастыру керек еді, түсіндіремін» деу өз нәтижесін берері анық. Ол келесіде мынадай эссе жазып әкеледі:

«Менің туған өлкем әдемі. Біздің Тараз көне қалалардың біріне жатады. Археологтер қазба жұмысы кезінде көп (қалай болады антиквар?) заттар тапқан. Қалада жастарға арналған түрлі мәдени орындар бар. Жастар бос уақытта стадиондарға барып, жаттығу залдарына барып пайдалы өткізеді. Мен де бассейнге барып тұрамын. Біздің

Таразды қызықты ескерткіштер қаласы деп айтуға да болады. Мысалы, бізде «Джентельмены удачи» киносының (қалай болады герои?) арнап қойылған ескерткіш бар. Махаббат аллеясында Қыз Жібек пен Төлегенге қойылған ескерткішке жастар (қалай болады влюбленные?) барады, олар ол жерде бір-біріне (қалай болады преданность?), адал махаббат жайлы айтады. Мұғалім, Сізде бос уақыт болса, біздің Таразға келіңіз, өкінбейсіз».

Міне, осылай. Бұл – екінші рет жазылған нұсқа. Бірақ мұнда да әлі көркемдік жағы аз, образ ашылмаған. Тура осы тақырыпты бірінші курс аяқталғанда қайта жазуға тапсырма етіп беруге болады. Сонда алдыңғы екеуі мен соңғысын салыстырамыз. Студент өзінің қазақ тілін қаншалықты меңгергенін байқай алады. Бұл бір ғана мысал. Ондай тәжірибелер сабағымызда жиі кездеседі. Эссе жазуға үйрену бір айдың, немесе жарты жылдың көлемінде бола алмайды. Эссені әр студент өз мүмкіндігінше жаза алады, алайда көркем тілмен, бейнелі, тартымды етіп жазу үшін бір жыл да аздық етеді. Біз бір жыл бойы түрлі фразеологизмдер, көркем сөздер үйрету арқылы ғана ең соңында жақсы эссе жазуға үйрете аламыз. Мысалы, сабағымызда эсеге қажетті бейнелі, поэтикалы тіркестер, сөз оралымдарын өздік жұмыс тапсырмасын қабылдау кезінде қайталап сұрап, естеріне түсіріп отырамыз. Ал нақты бір грамматика, лексикалық тақырыптарды бір аптада, үш (бес, он) сағатта үйретуге, пысықтауға болады. Сол секілді танымдық, ақпараттық мәтінді оқытып, ойын дамытуға, қазақ тілін сауатты меңгеруіне де ықпал ете аламыз. Мысалы, төмендегідей тест тапсырмасын бердік дейік.

«Қазақтар өз өмірінде, тұрмысында көк жүзіндегі жұлдыздарды көп пайдаланған. Соған байланысты олардың әрқайсысына ат қойған. Мысалы: Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Таразы, Шолпан т.б. Міне, осыларға ат қойып, сырын ашқан адамды жұлдызшы деп атаған. Мұндай жұлдызшылар ежелгі түркі тайпалары мен қазақ арасынан көп шыққан. Олар жыл мезгілдерін, және тұрмысқа қажетті ақпаратты көпшілікке айтып отырған.

Жұлдызшылар көшпелілер өмірінде елеулі рөл атқарған. Олар адамның туған немесе белгілі бір жауапты іске кірісер кезінде жұлдыздардың өзара орналасуы бойынша сәуегейлік жасап, бал ашып, болашағын болжаған. Жолы болатын адамға: «Жұлдызы оңынан, айы солынан туып тұр» деген секілді жорамал айтқан.

Жетіқарақшы – аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Сырт көзге шөміш сияқты болып көрінеді. «Жетіқарақшы жамбасқа ойысыпты» деген секілді орын ауысуларына сүйеніп, уақыт пен ауа райы туралы болжамдар айтылады. Шолпан – күн бата салып не күн шығар алдында аз уақыт көрінетін жарық жұлдыз. Қазақтар Шолпанды таң жұлдызы деп атайды. Жақсы көрген адамын «Шолпаным», «жарық жұлдызым» [5] деуі бекер емес.

Берілген мәтін бойынша түрліше сұрақтар дайындауға болады. Солардың кейбіреуін былайша құрастырайық:

Сұраққа жауап беріңіз.

Адамды неліктен Шолпан жұлдызына теңеген?

А) Шолпан – ерекше жарық жұлдыз.

В) Шолпан таң алдында шығады, аз уақыт тұрады.

С) Шолпан – күнге жақын тұратын, жарық шашатын жұлдыз.

Д) Шолпан «жақсы көру», «ұнату» деген мағынаны білдіреді.

Асты сызылған тіркестің мәтіндегі мағынасын табыңыз.

Жұлдызшылар жұлдыздардың өзара орналасуы бойынша сәуегейлік жасап, болжаған.

- A) Бал ашқан.
B) Өмірді болжаған.
C) Көріпкел сияқты болжаған.
D) Тылсым күштерге иелік еткен.
Мәтінге тақырып қойыңыз.
A) Шолпан
B) Жұлдызшы
C) Жетіқарақшы
D) Жұлдыз жорамал

Осылайша құрастырылған тестер білім алушының ой-өрісін дамытумен қатар, әдеби нормаға сәйкес жазып, ой құрастыруды, тілдік оралымдарды да меңгеруге жетелейді. Бұл тапсырмалардан бөлек, күнделікті бұхаралық ақпарат құралдыранын беріліп жататын хабарларды, оқиға мазмұнын, саяси ақпараттарды да тыңдауына, өз бетінше ой қорытуына, пайым жасауына да ықпал ете отырып, ары қарай жетелеу абзал.

Қорытынды

Қазіргі кезде еліміздегі білім алушылардың басым бөлігі ана тілінде сауат ашады, оқиды. Сондықтан қазақ тілінде білім алған ұрпақтың мол шоғырының өсіп келе жатқаны қуантады. Бұл – мемлекеттік тіл тұғырының биіктеп, іргесінің нығая түсуі деген сөз. Жоғары оқу орнына қазақ тілінің бай сөздік қорымен, асыл арналарымен, ғажайып әдебиетімен сусындап келген шәкіртке шығармашылыққа баулитын тапсырмалар беру, оларды ары қарай жетілдіре түсу – қажетті талап болып қала бермек.

Қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді меңгеруі қажет деген талап болған. Алға қойған бұл межеге қол жеткізу оңай емес, әрине. Бұл балабақшалардағы, мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік тіл сабақтарының жүгі арта түседі деген сөз. Бұған қол жеткізу үшін жауапкершілікті де арттыру керек. Мысалы, қазақ тілін бірыңғай ұлттық тестілеуге міндетті пән ретінде енгізсе, мектеп оқушыларының оған салғырт қарауы тоқталар еді. Одан басқа да ұлтжандылыққа, туған елін құрметтеп, сыйлауға бағытталған түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, солардың бәрін қазақ тілінде жүргізу өз нәтижесін берері сөзсіз.

Әдебиет:

1. Асылбеков М.Х., Алдажұманов Қ.С., Қазақстан тарихы 3-том. Алматы: Атамұра, 2002. – 765 б.
2. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру / Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. – Астана: ҚРБҒМ «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, 2014. – 28 бет.
3. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. Монография. – Астана, 2007.
4. Ерназарова З.Ш. Эссе түрлері. – Алматы, 2019. – 80 б.
5. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

Әdebiet:

1. Asylbekov M.H., Aldazhymanov Q.S., Qazaqstan tarihy 3-tom. Almaty: Atamyra, 2002. – 765 b.
2. Qazaq tilin mengerudіn kommunikativtik tildik qyzyrettilikteri. Ortadan zhoғary deñgej. ZHalpy mengeru/ Qazaqstan Respublikasynuñ memlekettik standarty.– Astana: QRBFM «Y. Altynsarin atyndary Ylttyq bilim akademiya» memlekettik qazynalyq kәsiporny, 2014. – 28 bet.
3. Qyrman N.Zh. Qazaq tilin damyta oqytu tekhnologiyasy. Monografiya. – Astana, 2007.
4. Ernazarova Z.Sh. Esse tyrleri. – Almaty, 2019. – 80 b.
5. Qazaq tili zhәne ylttyq qyndylyqtar. Keshendi oqu quraly. 1,2,3,4 kitap. – Almaty: Evero, 2018.